

**Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу қағидаларын бекіту туралы**

*Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 мамырдағы № 578 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 312 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 89-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>
Үкіметінің	Республикасы
2012 жылғы	5 мамырдағы
№ 578	қаулысымен
бекітілген	

**Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу қағидалары**

1. Осы Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу қағидалары "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 89-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктерді есепке алу тәртібін белгілейді.

2. Шетелдіктерді есепке алуды Қазақстан Республикасының шет елдердегі

мекемелері "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес осы Қағидалардың 1-қосымшасына орай балалар құқықтарын қорғау саласындағы уәкілетті орган аккредиттеген бала асырап алу жөніндегі агенттіктің жазбаша қолдаухаты негізінде жүргізеді.

3. Жетім баланы немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға тілек білдірген шетелдіктер шетелдердегі мекемелерге агенттіктің қолдаухатын, өздерін есепке қою туралы жазбаша өтініш береді (тегі аты-жөні, туған күні және туған жері, паспорттың нөмірі, берілген күні, қашан және кім берген) сондай-ақ, осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес есепке алу карточкасын толтырады. Есепке алу карточкасына есепке алушының фотосуреті қ о с а б е к і т і л е д і .

4. Консулдық лауазымды тұлға осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген құжаттарды қарауға қабылдайды және құжаттар берілген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес шетелдегі мекеменің бланкісінде ресімделген есепке қойылғаны туралы тиісті анықтама береді, оған қол қойып елтаңбалы мөрмен куәландырады. Анықтаманың көшірмесі есепке алу карточкасына тіркеледі.

5. Осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көрсетілген, құжаттарды толтыру немесе тапсыру кезінде толық емес деректер берілген жағдайда шетелдегі мекемелер оларды шетелдіктерге қайтарады.

6. Шетелдік сол жіберілген кемшіліктерді жойған жағдайда құжаттар шетелдегі мекемеге қайта тапсырылады.

7. Есепке алу карточкалары әліпбилік тәртіппен "Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын балаларды асырап алуға тілек білдірген шетелдіктер" бөлімі бойынша есепке алу картотекасында сақталады.

8. Есепке алынған шетелдіктер туралы ақпарат жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне жіберіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
а з а м а т т а р ы б о л ы п т а б ы л а т ы н  
б а л а л а р д ы а с ы р а п а л у ғ а т і л е к  
б і л д і р г е н ш е т е л д і к т е р д і е с е п к е  
а л у қ а ғ и д а л а р ы н а  
1-қосымша

**Агенттік атауы  
(ресми бланкіде)**

М е к е н ж а й :

т е л :

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_ 20\_\_ ж.

№ \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

шетелдегі мекемесінің атауы

## Қолдаухат

" \_\_\_\_ " (халқаралық агенттік атауы, \_\_\_\_ ж. " \_\_\_\_ " лицензия нөмірі \_\_\_\_\_ , ҚР аккредиттеу мерзімі) Қазақстан Республикасының азамат(тар)ы болып табылатын баланы (балаларды) асырап алуға тілек білдірген тұлғаны/тұлғаларды консулдық есепке қоюды сұрайды.

Бұл азамат Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық талаптарына сай келеді.

Лауазымды тұлғаның қолы Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

а з а м а т т а р ы

б о л ы п

т а б ы л а т ы н

б а л а л а р д ы

а с ы р а п

а л у ғ а

т і л е к

б і л д і р г е н

ш е т е л д і к т е р д і

е с е п к е

а л у қ а ғ и д а л а р ы н а

2-қосымша

(Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемесінің атауы)

3 x 4

Фотосуретке  
арналған орын

## Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алуға тілек білдірген шетелдікті есепке алу карточкасы

1.	Т.А.Ә.	
2.	Туған күні және жері	
3.	Паспорттың нөмірі, кім және қашан берген	
3.	Азаматтығы	
4.	Тұрғылықты мекенжайы	
5.	Білімі	
6.	Жұмыс орны	
7.	Ерлі-зайыптылардың Т.А.Ә.	
8.	Күні және туған жері	
9.	Паспорттың нөмірі, кім және қашан берген	
10.	Азаматтығы	

11.	Тұрғылықты мекенжайы	
12.	Білімі	
13.	Жұмыс орны	

Қолы \_\_\_\_\_

2012 жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
азаматтары болып табылатын  
балаларды асырап алуға тілек  
білдірген шетелдіктерді есепке  
алу қағидаларына

3-қосымша

2012 ж " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

## **АНЫҚТАМА**

Осымен \_\_\_\_\_ азаматы/азаматшасы  
( е л д і ң а т а у ы )

Т.А.Ә. (толық) \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Т.А.Ә. (толық) \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланы асырап алуға  
тілек білдірген тұлға/тұлғалар ретінде есепке алынғандығын растаймыз.

Консул қолы Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

М ө р г е а р н а л ғ а н о р ы н

(шетелдегі мекеме)